

2011 жылы Екібастұз қаласы азаматтарының жекеленген санаттары үшін "Қала - саяжай" бағыты бойынша қоғамдық жолаушылар көлігінде жеңілдікпен жол жүруді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 29 наурыздағы N 217/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 21 сәуірде N 12-3-295 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің аппарат басшысы 2013 жылғы 29 қаңтардағы N 24/1-23/88 хаты)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің аппарат басшысы 29.01.2013 N 24/1-23/88 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11-бабына сәйкес, Екібастұз қалалық мәслихатының (IV шақырылған кезекті XXVII сессия) 2010 жылғы 23 желтоқсандағы "2011 - 2013 жылдарға арналған Екібастұз қаласының бюджеті туралы" N 309/27 шешімі негізінде және қала азаматтарының жекеленген санаттарына "Қала - саяжай" қоғамдық жолаушылар көлігінде жол жүру шығындарын өтеу мақсатында, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қала - саяжай" бағыты бойынша қоғамдық жолаушылар көлігінде тегін жүру құқына мына санаттағы азаматтар ие болатыны белгіленсін:

- 1) жасына байланысты зейнеткерлер;
- 2) 3-топтағы мүгедектер.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген азаматтар тегін жол жүру құқығын растау үшін кондукторға (бақылаушыға) міндетті түрде зейнеткерлік куәлігін ұсынуы қажет.

3. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі", "Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемелері қоғамдық жолаушылар көлігімен жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын және "Қала - саяжай" бағыты бойынша тасымалдауды жүзеге асыру конкурсында жеңіп шыққан кәсіпорынмен бірлесіп (бұдан әрі- Кәсіпорын) (

келісім бойынша) жолаушылар бағытындағы жекеленген санаттағы азаматтардың жолаушылар ағынына айына бір рет мониторинг жүргізісін.

4. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) жекеленген санаттағы азаматтарды "Қала - саяжай" бағыты бойынша қоғамдық жолаушылар көлігінде тасымалдау бойынша қызмет көрсету туралы Кәсіпорынмен келісімшарт жасасын;

2) Кәсіпорынға тегін жол жүру шығынын өтеуді осы мониторинг негізінде Кәсіпорынның есеп шотына ақшалай қаражат аудару жолымен жүргізісін.

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасарлары Н.В. Дычкоға, Ғ.А. Оспанқұловқа жүктелсін.

Екібастұз қаласының әкімі *А. Вербняк*